БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 253 (8713) 1945 жылғы 25 Декабрь Сейсенбі | Шығуына 27-жыл Жеке саны 20 тиын

**Қысқы агротехникалық шараларды де... кезінде, мүлтіксіз жүзеге асыруға барл... күш-мүмкіншілік толық жұмсалсын.**

**Қазір аудандардың, совхоздардың жә... колхоздар мен МТСтардың басшыларын... осы талап етіледі.**

## Қысқы агротехникалық шаралар мүлтіксіз жүзеге асырылсын

Елімізідің, оның ішінде облысымыздың ауыл шаруашылығы халық шаруашылығына соғыстан түскен жарақатты тезірек жазу жолындағы төртінші бес жылдықтың қарсаңында отыр. Төртінші бес жылдықта шаруашылығымызды қалпына келтіру міндеті тұрса, бұл міндетті орындауда егін шаруашылығын өркендетудің ерекше зор маңызы бар. Өйткені қазір астық үшін күрес—еліміздің әл-ауқатын нығайту күресіне айналды. Мұның өзі ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне 1946 жылғы көктемгі егісті тұжырымды мерзімде өткізіп, егіннен мол өнім алудың берік негізін қалауға міндеттейді.

Егіннен мол өнім алу оңай жұмыс емес, ол көп күш жұмсауды, қыс күндері агротехникалық шаралардың барлық түрлерін мүлтіксіз жүзеге асыруды талап етеді. Агротехникалық шараларды мүлтіксіз орындау—егіннен мол өнім алудың бірден-бір төте жолы екендігі мәлім. Сондықтан қазіргі қыс мерзімінде жүргізілетін агротехникалық негізгі шаралардың бірі—егіс алаңына қар тоқтату. Егіс алаңына қарды көп тоқтатып, жердің ылғалдығын молайтпайынша, егіннен мол өнім алуға болмайды. Бұл—жерге себілген тұқымды көректендіруге бір ғана жаңбыр суы жеткіліксіз болады, сондықтан егіс алаңдарына мол қар тоқтату егіннің шығымдылығын арттыруда зор роль атқарады деген сөз.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздары қар тоқтату ісіне дер кезінде, жете маңыз беріп, бұл негізгі агротехникалық шараны мұқият түрде орындау үшін барлық мүмкіншілікті пайқар тоқтатты. Ал, Конюхов, Ленин және Октябрь аудандарында егіс алаңына қар тоқтату жұмысы күні бүгінге дейін шын мәнінде ұйымдастырылмай келеді. Бұл аудандардың, сол сияқты сол аудандардағы колхоздардың басшылары қар тоқтату жұмысын тыңғылықты ұйымдастыру өздерінің бүгінгі таңдағы жауынгерлік міндеті екендігін жете түсінбегендігін іс жүзінде көрсетіп отыр.

Егіннің шығымдылығын арттыру үшін жергілікті тыңайтқыш заттар әрі пайдалы, әрі қуатты, қордың бірі. Мұны алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардың іс тәжрибелері айқын көрсетті.

Қысқы агротехникалық шараларды жүргізуде қар тоқтату жұмысына қандай маңыз берілсе, жергілікті тыңайтқыштар әзірлеуге де сондай маңыз берілуі керек. Тыңайтқыш заттарды жыйнау жұмысын облыс аудандары тікелей олқылыққа ұшыратып отыр. Мәселен, Петропавл ауданында 8 мың тонна орнына, әлі күнге дейін 409 тонна ғана көң жыйналды. Булаев, Мамлют және Полудень аудандарының колхоздары әлі күнге дейін көң жыйнау жұмысына кіріскен жоқ. Істің жәйі Приишім, Конюхов және Октябрь аудандарында да осындай болып отырғандығын мойындауымыз керек.

Егіннің шығымдылығын мейлінше арттыру үшін жергілікті тыңайтқыш заттардың ерекше маңызы бар екендігін жер бөлімдері мен МТСтардың, колхоздар мен совхоз басшыларының түсінетін мезгілі жетті.

Қысқы агротехникалық шараларды дер кезінде мүлтіксіз орындау ісіне барлық

## ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі Уча... келік сайлау комиссияларын бекіту туралы

### *Еңбекшілер депутаттарының Темір жол аудандық Советі атқару комитетінің қаулысы*

Темір жол ауданының кәсіп орындары мен мекемелері жұмысшыларының және қызметшілерінің, партия, кәсіпшілер одағы, комсомол және басқа да қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының учаскелік сайлау комиссияларының составына кандидаттар ұсыну жөніндегі жалпы жыйылыстарының қарарларын қарай келіп, еңбекшілер депутаттарының Темір жол аудандық Советінің атқару комитеті **қаулы етті:**

«ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ережесінің» 51-және 52-статьялары негізінде, Одақ советінің сайлауы жөніндегі № 615 Петропавл сайлау округі бойынша және Ұлттар Советінің сайлауы жөніндегі № 244 Петропавл қалалық сайлау округі бойынша жалпы Учаскелік сайлау комиссиялары ауданының кәсіп орындары мен мекемелерінің жұмысшыларының және қызметшілерінің, кәсіпшілер одағы, партия, комсомол және басқа да қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының мына өкілдерінен құрылып, бекітілсін.

**1. № 34 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:**

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Крупин Александр Николаевич**—қозғалыс бөлімінің жұмысшыларды жабдықтау орнының коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары — **Мальцев Александр Гаврилович**— қозғалыс бөлімінің

**4. № 37. САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:**

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Савин Михаил Алексеевич**—паровоз шаруашылығы бөлімінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары—**Бочкарев Александр Георгиевич**—паровоз шаруашылығы бөлімінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Ильина Антонина Ивановна**—паровоз шаруашылығы теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Ключников** Егор Федорович—паровоз шаруашылығы бөлімінің коммунистік ұйымынан.

**Мокичева** Польмира Александровна—паровоз шаруашылығы бөлімінің комсомол ұйымынан.

**Липатова** Раиса Петровна—паровоз шаруашылығы бөлімінің әйелдер Советінен.

**Помозов** Максим Захарович—паровоз шаруашылығы бөлімі теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Плотникова** Варвара Федоровна—паровоз шаруашылығы бөлімі теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Захаров** Иван Дмитриевич—паровоз шаруашылығы бөлімі теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**5. № 38 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:**

**8. № 41 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША**

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Изосимов Василий Георгиевич**—Петропавлдың кондукторлар резервінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары— **Хомягин Иван Ильич**—Петропавлдың кондукторлар резервінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Чирьева Лидия Александровна**—Петропавлдың кондукторлар резервінің коммунистік ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Кузнецов** Григорий Яковлевич—Петропавлдың кондукторлар резервісі теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Черевик** Вера Яковлевна—Петропавлдың кондукторлар резервінің комсомол ұйымынан.

**Баштынская** Мария Егоровна—Петропавлдың кондукторлар резервінің комсомол ұйымынан.

**Брунцов** Николай Николаевич—Петропавлдың кондукторлар резервінің коммунистік ұйымынан.

**Баранников** Дмитрий Иванович—Петропавлдың кондукторлар резервінің кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Ляшева** Татьяна Афанасьевна—кондук-

1-құрылыс учаскесінің коммунистік ұйымынан.

**Михельсон** Эдуард Сирецевич—1-құрылыс учаскесі коллективінің кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Кессель** Лидия Михайловна—бастауыш және орта мектептер қызметшілерінің кәсіпшілер одағынан.

**Соловьева** Мария Константиновна—құрылыс учаскесінің әйелдер Советінен.

**Струев** Василий Иванович—1-құрылыс учаскесінің коммунистік ұйымы...

**12. № 45 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫН...**

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Цикунов Антон Ефимович**—вагон учаскесінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары—**Ахметов Қыйғар**—2-вагон учаскесінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Онюшева Инна Петровна**—2-вагон учаскесінің коммунистік ұйымына...

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Чикунов** Николай Пантелеевич—2-вагон учаскесінің коммунистік ұйымына...

**Проскурина** Антонина Петровна—

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

# Ленин туы

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 253 (8713) 1945 жылғы 25 Декабрь Сейсенбі | Шығуына 27-жыл | Жеке саны 20 тиын

**Қысқы агротехникалық шараларды де… кезінде, мүлтіксіз жүзеге асыруға барл… күш-мүмкіншілік толық жұмсалсын.**

**Қазір аудандардың, совхоздардың жә… колхоздар мен МТСтардың басшыларын… осы талап етіледі.**

## Қысқы агротехникалық шаралар мүлтіксіз жүзеге асырылсын

Еліміздің, оның ішінде облысымыздың ауыл шаруашылығы халық шаруашылығына соғыстан түскен жарақатты тезірек жазу жолындағы төртінші бес жылдықтың карсаңында отыр. Төртінші бес жылдықта шаруашылығымызды қалпына келтіру міндеті тұрса, бұл міндетті орындауда егін шаруашылығын өркендетудің ерекше зор маңызы бар. Өйткені казір астық үшін күрес—еліміздің әл-аукатын нығайту күресіне айналды. Мұның өзі ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне 1946 жылғы көктемгі егісті тұжырымды мерзімде өткізіп, егіннен мол өнім алудың берік негізін қалауға міндеттейді.

Егіннен мол өнім алу оңай жұмыс емес, ол көп күш жұмсауды, қыс күндері агротехникалық шаралардың барлық түрлерін мүлтіксіз жүзеге асыруды талап етеді. Агротехникалық шараларды мүлтіксіз орындау—егіннен мол өнім алудың бірден-бір төте жолы екендігі мәлім. Сондықтан казіргі қыс мерзімінде жүргізілетін агротехникалық негізгі шаралардың бірі—егіс алаңына кар токтату. Егіс алаңына қарды көп токтатып, жердің ылғалдығын молайтпайынша, егіннен мол өнім алуға болмайды. Бұл—жерге себілген тұқымды көректендіруге бір ғана жаңбыр суы жеткіліксіз болады, сондықтан егіс алаңдарына мол кар токтату егіннің шығымдылығын арттыруда зор роль атқарады деген сөз.

Облысымыздың алдыңғы катарлы колхоз, совхоздары қар токтату ісіне дер кезінде, жете маңыз беріп, бұл негізгі агротехникалық шараны мұқият түрде орындау үшін барлық мүмкіншілікті пайдаланып кар токтатты. Ал, Конюхов, Ленин және Октябрь аудандарында егіс алаңына қар токтату жұмысы күні бүгінге дейін шын мәнінде ұйымдастырылмай келеді. Бұл аудандардың, сол сияқты сол аудандардағы колхоздардың басшылары қар токтату жұмысын тыңғылыкты ұйымдастыру өздерінің бүгінгі таңдағы жауынгерлік міндеті екендігін жете түсінбегендігін іс жүзінде көрсетіп отыр.

Егіннің шығымдылығын арттыру үшін жергілікті тыңайткыш заттар әрі пайдалы, әрі қуатты, қордың бірі. Мұны алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардың іс тәжрибелері айқын көрсетті.

Қысқы агротехникалық шараларды жүргізуде қар токтату жұмысына қандай маңыз берілсе, жергілікті тыңайтқыштар әзірлеуге де сондай маңыз берілуі керек. Тыңайткыш заттарды жыйнау жұмысын облыс аудандары тікелей олқылыққа ұшыратып отыр. Мәселен, Петропавл ауданында 8 мың тонна орнына, әлі күнге дейін 409 тонна ғана көң жыйналды. Булаев, Мамлют және Полудень аудандарының колхоздары әлі күнге дейін көң жыйнау жұмысына кіріскен жоқ. Істің жәйі Приешім, Конюхов және Октябрь аудандарында да осындай болып отырғандығын мойындауымыз керек.

Егіннің шығымдылығын мейлінше арттыру үшін жергілікті тыңайткыш заттардың ерекше маңызы бар екендігін жер бөлімдері мен МТСтардың, колхоздар мен совхоз басшыларының түсінетін мезгілі жетті.

Қысқы агротехникалық шараларды дер кезінде мүлтіксіз орындау ісіне барлық

## ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі Учаскелік сайлау комиссияларын бекіту туралы

### *Еңбекшілер депутаттарының Темір жол аудандық Советі атқару комитетінің қаулысы*

Темір жол ауданының кәсіп орындары мен мекемелері жұмысшыларының және қызметшілерінің, партия, кәсіпшілер одағы, комсомол және баска да қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының учаскелік сайлау комиссияларының составына кандидаттар ұсыну жөніндегі жалпы жыйылыстарының карарларын карай келіп, еңбекшілер депутаттарының Темір жол аудандық Советінің атқару комитеті **қаулы етті:**

«ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ережепің» 51-және 52-статьялары негізінде, Одақ советінің сайлауы жөніндегі № 615 Петропавл сайлау округі бойынша және Ұлттар Советінің сайлауы жөніндегі № 244 Петропавл калалық сайлау округі бойынша жалпы. Учаскелік сайлау комиссиялары ауданының кәсіп орындары мен мекемелерінің жұмысшыларының және кызметшілерінің, кәсіпшілер одағы, партия, комсомол және баска да қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының мына өкілдерінен құрылып, бекітілсін.

**1. № 34 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:**

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Крупин** Александр Николаевич—қозғалыс бөлімінің жұмысшыларды жабдықтау орнының коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары — **Мальцев** Александр Гаврилович— қозғалыс бөлімінің …

**4. № 37. САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:**

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Савин** Михаил Алексеевич—паровоз шаруашылығы бөлімінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары—**Бочкарев** Александр Георгиевич—паровоз шаруашылығы бөлімінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Ильина** Антонина Ивановна—паровоз шаруашылығы теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Ключников** Егор Федорович—паровоз шаруашылығы бөлімінің коммунистік ұйымынан.

**Моничева** Польмира Александровна—паровоз шаруашылығы бөлімінің комсомол ұйымынан.

**Липатова** Раиса Петровна—паровоз шаруашылығы бөлімінің әйелдер Советінен.

**Помозов** Максим Захарович—паровоз шаруашылығы бөлімі теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Плотникова** Варвара Федоровна—паровоз шаруашылығы бөлімі теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Захаров** Иван Дмитриевич—паровоз шаруашылығы бөлімі теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**5. № 38 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША.**

**8. № 41 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША**

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Изосимов** Василий Георгиевич—Петропавлдың кондукторлар резервінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары— **Хомягин** Иван Ильич—Петропавлдың кондукторлар резервінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Чирьева** Лидия Александровна—Петропавлдың кондукторлар резервінің коммунистік ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Кузнецов** Григорий Яковлевич—Петропавлдың кондукторлар резервісі теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Черевик** Вера Яковлевна—Петропавлдың кондукторлар резервінің комсомол ұйымынан.

**Баштынская** Мария Егоровна—Петропавлдың кондукторлар резервінің комсомол ұйымынан.

**Брунцов** Николай Николаевич—Петропавлдың кондукторлар резервінің коммунистік ұйымынан.

**Баранников** Дмитрий Иванович—Петропавлдың кондукторлар резервінің кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Ляшева** Татьяна Афанасьевна—кондук…

1-құрлыс учаскесінің коммунистік ұйымынан.

**Михельсон** Эдуард Сирецевич—1… лыс учаскесі коллективінің к… шілер одағы ұйымынан.

**Кессель** Лидия Михайловна—баста… және орта мектептер қызметшілерінің кәсіпшілер одағынан.

**Соловьева** Мария Константиновна—құрлыс учаскесінің әйелдер Советінен.

**Струев** Василий Иванович—1-… лыс учаскесінің коммунистік ұйымы…

**12. № 45 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫН…**

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Цинунов** Антон Ефимович—вагон учаскесінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары—**Ахметов** Қыйгар… 2-вагон учаскесінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Онюшева** Инна Петровна—2-… гон учаскесінің коммунистік ұйымына…

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Чикунов** Николай Пантелеевич—2-… гон учаскесінің коммунистік ұйымына…

**Проскурина** Антонина Петровна—

...алаңына қар тоқтатты. Қар тоқтату жұмысын Киров атындағы, Совет және Шағлы астық совхоздары да ойдағыдай ұйымдастырды. Бұл аталған колхоздарда және совхоздарда қар тоқтату жөніндегі тапсырма колхозшылар мен совхоз жұмысшыларына деркезінде жеткізілген. Колхоздарда қар тоқтатушы әрбір звеноға, сол сыяқты бригадаға, совхоздарда әрбір бөлімшеге нақтылы тапсырмалар беріліп, ол тапсырмалардың орындалуын қатаң бақылап отыру шарасы жүзеге асырылған, колхозшылар мен жұмысшыларға егіс алаңына қар тоқтатудың егін өнімін молайтудағы маңызы жете түсіндірілген.

Алайда, облысымызды жалпы алғанда, колхоздар мен совхоздарда қар тоқтату жұмысының ұйымдастырылуы мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Көп жерлерде қар тоқтатуды кезекке қою сыяқты зиянды пікір орын теуіп келеді. Міне осының салдарынан Петропавл ауданында 6500 гектар орнына 420 гектар, Булаев ауданында 7 мың гектар орнына 165 гектар, Мамлют ауданында 14 мың гектар орнына 112 гектар ғана егіс алаңына қар тоқтатылды. Сол сыяқты, Полудень ауданының колхоздары күні бүгінге дейін небары 115 гектар, Совет ауданының колхоздары 328 гектар және Соколов ауданының колхоздары 312 гектар ғана егіс алаңына

шаруашылығы жөніндегі орынбасарлары және совхоз бөлімшелерінің агрономдары қар тоқтатуда жүрген бригадалар мен звенолардағы колхозшыларға, сол сыяқты совхоз жұмысшыларына қар тоқтату ережелерін күнбекүн түсіндіріп, бұл жұмысқа тікелей өздері қолма-қол басшылық жасайтын болсын.

Жергілікті тыңайтқыш заттарды жинау жұмысын кеңінен өрістету, колхоздар мен совхоз басшыларының бүгін таңдағы айбынды міндеті. Көң, күл, құс қиы тағы басқа жергілікті тыңайтқыш заттарды жалпы жинау, бұл тыңайтқыштарды дұрыс сақтау, толық пайдалану шаралары әрбір колхоз бен совхозда мұқият жүзеге асырылсын. Көң мен басқа да тыңайтқыш заттардың бірде-бір килограмының ысырапқа ұшырамай, егіс алаңдарына тасылуы үшін колхоздар мен совхоздардың басшылары барлық шараларды қолданатын болу керек.

Жоғарыда қысқы агротехникалық шаралары мүлтіксіз жүзеге асырмайынша егіннен мол өнім күтуге болмайды дедік. Сондықтан да жер бөлімдері мен совхоз басшыларының, агрономдардың, сол сыяқты колхоз председательдерінің кезек күттірмейтін міндеті — егіс алаңдарына қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыш заттарды мол әзірлеп, оны егістік жерлерге тасып жеткізу жұмыстарын жеңіс талабына сай ұйымдастыру болып отыр.

## *И. В. Сталиннің Бирнс мырзаны қабылдауы*

23 декабрьде ССРО Халық Комиссарлары Советінің Председателі И. В. Сталин Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік Секретарі Д. Бирнс мырзаны қабылдады.

Әңгімеге ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов және АҚШ Елшісі В. А. Гарриман мырза қатысты.

## *АҚШтың Мемлекеттік Секретарі Бирнс мырза мен Ұлы Британияның Сыртқы Істер Министрі Бевин мырзаның Москвада болуы жайында*

23 декабрьде ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов, АҚШтың Мемлекеттік Секретарі Д. Бирнс мырза және Ұлы Британияның Сыртқы Істер Министрі Э. Бевин мырза Үлкен театрда «Золушка» спектаклін көрді.

Театрдың орталық ложасында Д. Бирнс мырза, Э. Бевин мырза мен В. М. Молотовтан басқа Ұлы Британияның Сыртқы Істер Министрінің Тұрақты Орынбасары А. Кадоган мырза, Ұлы Британияның ССРОдағы Елшісі А. Керр мырза, АҚШтың ССРОдағы Елшісі А. Гарриман мырза, Р. Буллард, В. Коэн, Д. Конан, Х. Метьюз, Р. Кемпбелл мырзалар және басқалары отырды.

Сол сыяқты орталық ложада ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары А. Я. Вышинский, ССРОның Ұлы Британиядағы Елшісі Ф. Т. Гусев және басқалар болды.

Театрда Москвадағы елшіліктер мен миссиялардың басшылары, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының жауапты қызметкерлері, совет және шетел баспасөзінің өкілдері болды.

Орталық ложа америка, британия және совет жалауларымен безелді. Спектакль басталар алдында оркестр Американың, Британия мен Советтер Одағының Мемлекеттік күйлерін орындады. Халық Бирнс мырзаны, Бевин мырзаны және В. М. Молотовты шын жүректен құттықтады.

(ТАСС).

**мүшелері:**

**Новоселова** Анна Николаевна— қозғалыс бөлімінің жұмысшыларды жабдықтау орнының комсомол ұйымынан.

**Горлачова** Пелагея Григорьевна—қозғалыс бөлімінің жұмысшыларды жабдықтау орнының комсомол ұйымынан.

**Баталов** Николай Петрович—қозғалыс бөлімінің жұмысшыларды жабдықтау орнының жұмысшылары және қызметшілері коллективінен.

### 2. № 35 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі —**Торгашев** Александр Александрович —Петропавл станциясының коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары—**Родин** Иван Федорович—Петропавл станциясының коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Рябова** Галина Михайловна—Петропавл станциясының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Юрченко** Валентина Михайловна—Петропавл станциясының комсомол ұйымынан.

**Ғалиахметова** Ғазильжамал —Петропавл станциясы теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Сидельникова** Анна Андреевна—Петропавл станциясының жұмысшылары, қызметшілері және инженер-техник қызметшілері коллективінен.

**Жұмабаев** Махмет—Петропавл станциясының коммунистік ұйымынан.

**Зарипов** Зәкір—Петропавл станциясы теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

### 3. № 36 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Степанов** Михаил Николаевич Петропавл депосының коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары—**Мурашко** Иван Захарович—Петропавл депосы теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Тумаева** Евдокия Дмитриевна—Петропавл депосы теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Якимушкин** Иван Никитович—Петропавл депосының коммунистік ұйымынан.

**Галицина** Татьяна Афанасьевна—Петропавл депосының коммунистік ұйымынан.

**Воронин** Иван Лаврентьевич— Петропавл депосының коммунистік ұйымынан.

**Жолнерчик** Валентина Ивановна—Петропавл депосының әйелдер Советінен.

...коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Хзрин** Роман Иванович—пәтер-үй жөндеу мекемесі коллективінің кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Чубарова** Елизавета Григорьевна— пәтер-үй жөндеу мекемесінің әйелдер Советінен.

**Черкашин** Иван Михайлович—теміржолшылардың пәтер-үй жөндеу мекемесінің кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Василенко** Петр Савельевич—пәтер-үй жөндеу мекемесінің коммунистік ұйымынан.

**Трущелева** Любовь Павловна—мұнай базасының жұмысшылары және қызметшілерінен.

**Уткин** Алексей Дмитриевич—мұнай базасының жұмысшылары және қызметшілерінен.

### 6. № 39 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Рубан** Яков Кузьмич—қозғалыс бөлімінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары—**Копейкин** Георгий Андреевич—қозғалыс бөлімінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Петрова** Екатерина Ивановна —қозғалыс бөлімінің комсомол ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Фоменко** Тихон Тимофеевич—Петропавл деповы теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Исупова** Степанида Яковлевна—қозғалыс бөлімінің әйелдер Советінен.

**Куприков** Александр Николаевич—қозғалыс бөлімі теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Сұлтанбеков** Әбілқас—вагон учаскесінің коммунистік ұйымынан.

**Ледицкая** Лидия Михайловна—қозғалыс бөлімінің әйелдер Советінен.

### 7. № 40 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі—**Осокин** Василий Николаевич—тазалық сақтау учаскесінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары—**Мироненко** Юлия Филипповна—тазалық сақтау учаскесінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Ильина** Мария Афанасьевна—тазалық сақтау учаскесінің коммунистік ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Колмацкая** Зинаида Федотовна—дәрігерлік тазалық сақтау еңбегіндегі қызметшілердің кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Данилова** Любовь Михайловна— тазалық сақтау учаскесінің комсомол ұйымынан.

...комиссиясы председателінің орынбасары—**Лоскутов** Александр Никифорович—5-дистанция жолының коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Буковская** Людмила Васильевна —5-дистанция жолының әйелдер Советінен.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Милютин** Андрей Степанович—5-дистанция жолының коммунистік ұйымынан.

**Гусельникова** Татьяна Самуиловна—5-дистанция жолының коммунистік ұйымынан.

**Кравчик** Александр Григорьевич—5-дистанция жолының комсомол ұйымынан.

**Кацин** Матвей Дмитриевич— 5-дистанция жолы теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Дудников** Николай Дмитриевич — 5-дистанция жолы теміржолшыларының кәсіпшілер одағы ұйымынан.

**Шихов** Иван Федосеевич—5-дистанция жолының коммунистік ұйымынан.

### 10. № 43 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі —**Кузнецов** Матвей Алексеевич —әскери күзет орнының коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары—**Кувалдин** Иван Корнилович—әскери күзет орнының коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Махова** Татьяна Даниловна—әскери күзет орнының коммунистік ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Коробейникова** Зоя Николаевна—әскери күзет орнының комсомол ұйымынан.

**Вишняков** Федор Павлович—әскери күзет орнының коммунистік ұйымынан.

**Шпица** Петр Степанович—әскери күзет орнының жұмысшылары және қызметшілерінен.

**Әбділхалықов** Бекмұхамет—әскери күзет орнының жұмысшылары және қызметшілерінен.

### 11. № 44 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:

Учаскелік сайлау комиссиясының председателі **Дубовик** Илья Иванович—ауданның коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары—**Жұнысов** Сүлеймен—құрлыс учаскесінің коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясының секретарі—**Кузнецова** Ирина Пантелеевна—1-құрлыс учаскесінің комсомол ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Перекидайлова** Фекла Григорьевна —

**Фролов** Иван Николаевич— учаскесі теміржолшыларының кә одағы ұйымынан.

**Шерстобитова** Александра Ивано вагон учаскесінің жұмысшылары, шілері және инженер-техник қыз рі коллективінен.

### 13. № 46 САЙЛАУ УЧАСКЕ БОЙЫНША:

Учаскелік сайлау комиссиясы седателі—**Чирт** Антонин Михайл хабарландыру және байланыс же 2-дистанцияның коммунистік ұйы

Учаскелік сайлау комиссиясы дателінің орынбасары—**Яковлев** Дмитриевич—хабарландыру және ныс жөніндегі 2-дистанцияның ко тік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясын кретарі—**Ковальчуков** Анатолий Ал вич—хабарландыру және байланыс дегі 2-дистанция теміржолшыларын сіпшілер одағы ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясын мүшелері:**

**Синюков** Владимир Антонович— ландыру және байланыс жөніндегі 2 танцияның комсомол ұйымынан.

**Ежикова** Мария Захаровна—хаба дыру және байланыс жөніндегі 2- ди цияның коммунистік ұйымынан.

**Трущелева** Екатерина Ивановна— ландыру және байланыс жөніндегі 2 танцияның коммунистік ұйымынан.

**Немцова** Анастасия Карповна— ландыру және байланыс жөніндегі 2 танцияның комсомол ұйымынан.

**Грязин** Василий Андреевич—хабар ландыру және байланыс жөніндегі 2 танция теміржолшыларының кәсіпш

**Федоров** Гаврил Иванович—хабарла ру және байланыс жөніндегі 2-дистан ның коммунистік ұйымынан.

### 14. № 47 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША:

Учаскелік сайлау комиссиясының п седателі—**Латаев** Иван Васильевич—№ совхоздың коммунистік ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясы пред дателінің орынбасары—**Чичканова** И на Ефимовна—№ 1 совхоздың комсом ұйымынан.

Учаскелік сайлау комиссиясын кретарі—**Федотов** Василий Петрович— № 1 совхоздың коммунистік ұйымынан.

**Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

**Гоман** Николай Федорович—№ 1 сов зы коллективінің кәсіпшілер одағы ұйы мынан.

**Меркушин** Роман Георгьевич—№ 1 со хоздың кәсіпшілер одағы ұйымынан.

(Жалғасы 2-бетте).

## 'О Жоғарғы Советінің ıуы жөніндегі Учас- сайлау комиссиялa- ын бекіту туралы

*кшілер депутаттары- Темір жол аудандық пі атқару комитеті аулысының соңы*

**5. № 48 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ БОЙЫНША (жабық):**

келік сайлау комиссиясының пред і—Пидорин Анатолий Игнатьевич жолдың әскери бөлімінің комму ұйымынан.

елік сайлау комиссиясы председа орынбасары—Киселев Александр ич—Темір жолдың әскери бөлімі- мунистік ұйымынан.

келік сайлау комиссиясының се —Шмаргай Иван Маркович—те дың әскери бөлімінің коммунистік нан:

**аскелік сайлау комиссиясының мүшелері:**

ов Анатолий Максимович—темір әскери бөлімінің коммунистік нан.

**кшілер депутаттарының Темір удандық Советі атқару комитетінің дателі Д. РАКУСОВ.**

**кшілер депутаттарының Темір удандық Советі атқару комитетінің арі Г. ХУРАМШИНА.**

## Қалалық партия тивінің жыйылысы

ын арада, КК(б)П Петропавл қа комитетінің партия активінің жы ы болып өтті. Жыйылыска қала- удандық партия комитеттері мен ып партия ұйымдарының секре- ры, учаскелік сайлау комиссияла мүшелері мен үгітшілер топтары- еңгерушілері қатынасты.

ыйлыста ССРО Жоғарғы Советінің уына әзірлік жұмыстарының бары- не қалалық партия ұйымдарының тері туралы КК(б)П облыстық коми ң секретарі **Мельник** жолдас баянда сады.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына ну ісі,—деді баяндамашы.—қала ушылары арасында да кең өріс алу-

# Нюрнбергте немістердің басты-басты соғыс қылмыстыларына сот

## 11 декабрьдегі таңертеңгі мәжліс

НЮРНБЕРГ, 11 декабрь. (ТАСС). Трибуналдың таңертеңгі мәжлісі ашылғаннан кейін айыптушы өкіл айыптаушылардың бүгін айғақ ретінде документтік фильмдер көрсеткісі келетінін білдірді. Бұл фильмдерді Гитлердің ресми суретшілері түсірген. Бұл кино документтің бәрі «нацистердің жоспары» деп аталады.

Документтік фильмде ең алдымен айыпкер Розенберг көрсетілді. Ол гитлершілдер партиясының алғашкы қадамы және 1921 жылдан 1929 жылға дейінгі уақыттың ішіндегі әрекеті туралы айтып тұр. Оның сөзі кинохроникадан алынған үзінділермен сипатталады.

Документтік фильмнің басқа жерлерінде гитлершілдердің өкмет билігін қолға алғаннан кейінгі үстемдігі көрсетіледі. Бавария мен Берлиндегі Райхстаг сайлауының күні киноға түсірілген. Бұл көріністе қала ерікті сайлау өткізіліп жатқан қалаға емес, жау басып алған қалаға ұқсайды: қаланың көшелерін қарулы фашистер күзетіп жүр, кәсіпшілер одақтарының және басқа саяси партиялардың үйлері жанына қол пулеметтерімен, станокты пулеметтермен қаруланған штурмовиктердің отряды қойылған.

Фильмнің екінші бөлімінде ең алдымен гитлершілдердің еврейлерді қырғынға ұшыратқаны, бойкот жасағаны көрсетіледі. Одан кейін фашист сойқаншыларының түн ішінде арейцтерден басқа жазушылардың кітапларын өртеп, үлкен оттардың төңірегінде билеп жүргені көрсетіледі. Геббельс екіленген сөзінде неміс жастарын, гитлершілдер көрсеткен мақсатқа жету жолында еш нәрсеге бөгелмеуге шақырады. Жыйналған көпшілік: «немістер қаруланыңдар! деп ән салады.

Екінші бір көріністе немістер қаруланып жатыр. Гитлер үкметінің мүшелері, оның ішінде айыпкерлер Геринг, Папен, Нейрат жаңадан жасалған зәулім самолетке «ақ батасын» беріп тұр. Фильмнің бұдан кейінгі жерлерінде немістердің қаруды үсті-үстіне көбейтіп жатқаны көрсетілген. Гитлер Германияның «қарусыздануын» тоқтатуға ниеттенгенін айтқан да, «рейхстаг» мүшелері қол шапалақтайды.

Экранда тек қару ғана емес, болашақ солдаттар да көрсетіледі. Сан мың неміс жастары солдаттарша сап түзеп өтіп жатады. Олардың иықтарында әзірге мылтық орнына жарқыраған темір күректер. Бірақ олардың бұл күректерімен көрсеткен ойындары бұлардың винтовкаларды жыйындар, даурыққан сөздер, барабан даусы, әскерлердің жүрісі әбден үйретіп тастаған гитлершілдер «хайл» деп айқайлап, қолдарын былғап, өтіп жатыр.

Шапқыншылық соғыстарға даярлыққа арналған документтің үшінші бөлімінде гитлершілдердің неміс жұртшылығын қандай жолдармен аздырғаны көрсетілген. Айыпкер Ширах келешекте қырғынға айналатын адамдарды даярлауға жетекшілік еткен. Экранда солдаттарша өтіп жатқан, соғыс ұрандарын айқайлаған, басқа елдердің жерлерін басып алуға шақырған фашист жастарының толып жатқан жыйындары, ерәуілдері көрсетіледі.

Бұдан кейін гитлершілдер партиясының кезектегі съезі көрсетіледі. Онда да бейбастақ сөздер, барабан дабылы, әскерше жүріс, маневр, немістердің қаруланы туралы Гитлердің кезектегі сөзі, шапқыншылықтың тырнақ алдысы— неміс әскерлерінің Австрияға кіруі. Гитлер Венаға айыпкер Кейтельді ертіп барады.

Экранда рейхстагтың мәжлісі. Гитлер австрияны басып алу туралы баяндама жасап тұр. Фрик, Функ, Заукель, Риббентроп, Гесс және Зейс-Инкварт қостап қол шапалақтайды. Бұдан кейін тағы бір жаңа көрініс: Гитлер спорт-паласта сөз сөйлеп тұр. Ол Чехословакияның Судет облысын Германияға қосуды талап етеді. Гитлер қару қолданбақ болып күш көрсетеді. Бірақ іс қару қолданарлық халге жетпейді. Экранда Муссолини, Чемберлен, Даладье, Гитлер, Гитлердің қасында Геринг, Риббентроп және басқалары. Мюнхен келісіміне қол қойылады. Өзінің толып жатқан ордендері мен медальдарының салмағынан терлеген Геринг пайдалы келісім жасаған немесе көп ұтыс ұтқан адамдай күлімсіреп-алақанын уқалайды. Бұдан кейін Германия әскерлерінің Чехословакияға кіргенін көрсетеді.

Экранда тағы да Гитлер фашистік рейхстагта аузы көпіріп сөз сөйлеп тұр. Ол, соғыс шыға қалса, Европадағы еврейлер құртылады деп жариялайды. Рейхстагтың «депутаттары» арасында мұны мақұлдап қол шапалақтаған айыпкер Шпеер көрінеді.

Экранда, Испанияда Франко жағында соғысқан гитлершілдер легионының Берлин көшелерінде өтіп бара жатқаны көрсетіледі. Гитлер батыс шекарадағы неміс бекіністерін аралап жүр. Фашистік мемлекеттердің одағын құру туралы шартқа қол қою үшін Чиано Берлинге келеді. Дипломаттардың арт жағында [illegible]

лық соғыстары көрсетіледі. Гитлершіл қаскүнемдер өздерінің Данциг жөніндегі программасын жүзеге асыруға кіріседі. Олар бұл қаланың көшелеріне басып кіреді, танктер өздерінің зеңбіректерінен жай халық тұратын үйлерге оқ жаудырады, қарсылық көрсетушілерді қырғынға ұшыратады. Қала лаулаған өрттің ішінде.

1939 жылғы 1 сентябрь. Гитлершіл қаскүнемдердің бұйрығы бойынша танктер шекарадағы бағандар мен кедергілерді құлатады, олардың ізінше моторлы-механикаланған әскер бөлімдері, артиллерия және жаяу әскер шекарадан өтеді. Польшаның үстінде фашистік белгілері бар самолеттер. Польшадағы соғыстың аяқ шенінде рейхсмаршал Геринг Гитлер авиациясының табыстарын айтып мақтанады.

1940 жыл. Экранда гитлершілдердің соғыс машинасының Норвегиядағы және Даниядағы қыймылы. Неміс самолеттері Копенгаген үстіне ұшып келеді. Фашист күшігендері Норвегияны бомбалайды. Олар Ослоны басып алады. Гитлершіл бандылар Норвегия астанасының көшелерінен өтіп жатыр.

Голландия мен Бельгияның кезегі келеді. Тағы да әуеден әскер, парашютшылар түсіріледі, бомбардировщиктер бейбіт қалаларды бомбалайды, Роттердамның кварталдары өртенуде, әйелдер мен балалар бомбадан, өрттен қашуда.

Француздық командованиесі Компьен орманында тізе бүгу туралы шартқа қол қояды. Гитлер кинооператор алдында масайрап, қоқайып суретке түседі. Экранда тарихтың тағы бір беті аударылады. Риббентроп, Чиано және Жапон елшісі империяның жаңа кеңсесінде үш мемлекет келісіміне қол қояды. Сол кезден бастап олар Европа мен Азияда «жаңа тәртіп» орнатпақ болады.

Гитлершілдердің Балкан елдері жөніндегі қаскүнемдік жоспарларын жүзеге асыратын мезгілі келеді. Болгарияның бас министрі опасыз Филов белдік елдеріне қосылады. Экранда, Венаға келген Филовтың Гитлерге тәжім етіп, оның қолын алғаны көрсетіледі.

1941 жыл. Гитлершіл қаскүнемдердің әскерлері Югославия мен Грецияға тап берді. Германия авиациясы қарусыз, қорғансыз қалалар мен селоларды бомбалауда.

1941 жылғы 22 июнь. Гитлершіл қаскүнемдер өздерінің шапқыншыларын Со- [illegible]

Жұмысшы күшін еріксіз жыйнау поляк еркектері мен әйелдерін тұтқынға алуды керек қылады. Генерал-фельдмаршал Геринг мұнан бір аз уақыт бұрын өзінің ұзақ сөзінде империяға 1 миллион жұмысшы жөнелту керек екенін айтты. Бұған дейін 160 мың адам жөнелтілді. Бұл жөнінде зор қыйыншылықтарды жеңуге тура келеді. Сондықтан, аудандардың бастықтарына, қалалардың комендаттарына тиісті нұсқау беру керек. Нұсқау бергенде, бұл істің табысты болатындығына әуелі бастан сенетіндей болуымыз керек. Шіркеуге немесе киноға барған поляк жастарын тұтқынға алу әрине поляктар арасында наразылық туғызады. Жалпы алғанда, жұмыс істей алатын бұл жастарды көшеден айдап әкетуге қарсылық болмау керек. Жаппай қамап ұстау ең жақсы әдіс болар еді. мұның өзі толық ақталар еді. Жаппай қамағанда көшеден кетіп бара жатқан полякты тоқтатып, не істейтің, қай жерде жұмыс істейсің деп сұрау керек және басқа сондай сұраулар қою керек».

1943 жылғы 17 әпрелде империялық министр Ламмер Гиммлерге генерал-губернаторға қараған жердегі жағдай туралы құпия баяндама жолдаған. Бұл баяндамасында ол: «Жұмысшы күші аздыкөпті күш жұмсау жолдарымен жыйналды, мәселен, еңбек бөлімдері тағайындаған алғашқы топтар шіркеулерге, киноларға барған поляктарды ұстап алып, империяға жөнелтті» деп жазған.

Поляктардың фермаларын конфискелеу, ауыл шаруашылық жұмысшыларын Германияға жөнелту туралы, айыптаушы келтірген екінші бір документте ауыл шаруашылығын өркендету жұмыстарын басқаратын шығыс-германдық корпорация поляктардың көп фермаларын конфискелегені айтылған. Бұл поляк фермаларының бұрынғы иелері үй ішінің адамдарымен бірге Германияға ауыл шаруашылық жұмыстарына жөнелтілген.

1942 жылғы 26 ноябрьде Заукель, жұмысшы күшін жыйнайтын бас өкіл ретінде, төменгі орындарға жазған бұйрық хатында былай деген: «Әлі де мұнда қандай да болса белгілі бір жұмыстарда жүрген еврейлерді, хауіпсіздік полициясының және ССтың бастығымен келісіп, Германия жерінен аудару керек. Олардың орнына генерал-губернаторға қараған жерлерден поляктарды әкелу керек.

Документтің бұл жеріне келгенде Заукельдің қорғаушысы айыптаушының сөзін бөліп, өзінің қорғауындағы адам бұл документтердің шындығына таласатынын айтты. Бұл документтердегі қол,— дейді қорғаушы,—қолдан жазылмаған, машинамен жазылған. Мұнымен бірге, қорғаушы, бұл документтермен алдын ала танысa алмауы және бұл туралы айыпкер Заукельмен сөйлесе алмауы себепті, Трибуналдан бұл документтерді жариялауды кейінге қалдыруды өтінетінін білдірді. Соттың председателі лорд Лоуренс қорғаушының ертең бұл документтердің бәрімен танысуға мүмкіншілігі болатынын айтты.

Мұнан кейін председатель Трибуналдың кешкі мәжілісінің жабылғанын жариялады.

## 12 декабрьдегі таңертеңгі мәжліс

НЮРНБЕРГ, 12 декабрь. (ТАСС). Трибуналдың таңертеңгі мәжлісі Американың айыптаушы өкілі Додтың сөзімен басталды. Додд Трибуналға кешегі кешкі мәжлістің мазмұнын ескертті. Айыптаушы айыпкер Франктің күнделік дәптерін оқығанда, оның қорғаушысы айыптаушылардың бұл документтен тек үзінділер келтіріп, оны бейне-бір дұрыс пайдаланбай отырғанын айтты. Қорғаушы өзінің қарамағына Франктің бірнеше үлкен томын бүкіл күнделік дәптерін және Франктің төрт жерде сөйлеген сөзін беруді өтінді. Бұл сөздер 1942 жылы даярланыпты-мыс, бұларды Гитлер қабылдамапты-мыс.

Трибуналдың председателі лорд Лоуренс қорғаушыға Франктің күнделік дәптері қорғаушылар бөлмесіне берілетінін айтты.

адам, «Оңтүстік экономикалық инспекциядан» 1000 адам жөнелтіп тұруды өтінген. Заукель «1943 жылғы 1 әпрелден бастап күн сайынғы мөлшерді екі есе арттыру керек екенін» ескертті.

Хат жіберумен қанағаттанбай, Заукель басып алынған аудандарға өзі барған. 1943 жылғы 18 июльде Каунаста сөйлеген сөзінде Заукель «Германияға Литваның жұмысшы күшін анағұрлым көп жіберуді» талап еткен. Мұның алдында Ригада болғанында ол Гитлердің комиссарына 1943 жылғы августан қалдырмай Германияға 183 мың адам жіберуді ұсынған, оның ішінде жастардан кемінде 30 мың адам жіберуді талап еткен.

Заукельдің бұйрықтары қыйындықпен орындалған болса керек. Сондықтан, ол басып алынған аудандарда гарнизондары бар Герман армиясынан көмек сұраған.

жұмысын алқауға жүйіқ ... қылада 296 үгітші жұмыс істеп Олардың бастамасы бойынша, сай- режесі мен ССР Одағы Конституция үйрену үйірмелері ұйымдастырылды.

ртия ұйымдары сайлау алдындағы халықтық игілікті істі бастап, ка- бұхараның алдыңғы сапында болу- срасе, Прозоров жолдас секретарь і қызмет істейтін кәсіп орнының ія ұйымы сайлаушылар арасында зілетін үгіт-көпшілік жұмыстарын тұрған міндеттер дәрежесіне сай қай рды. Партия ұйымының жыйылысы Жоғарғы Советін сайлау туралы ені оқып, үйрену жөнінде 8 үйірме дастыру туралы қарар қабылдап, ә басқарушылары мен үгітшілер то еңгерушілерін бекітті. Партия ұйы- ң басшылары үгітшілердің күнбе-күн ұмыстарына қамқорлық жасап, қолма ұсқау беру ісін өз қолдарына алды. дамалар мен үйірме оқуларының ары жасалып, тақырыптары белгілен іне мұның өзі үгітшілер тобының ылы іске кірісуін қамтамасыз етті. үгітшілердің алғашқы өткізген үйір қуларының өзі-ақ жұртшылықтың ауға деген ынтасын арттырды. Со- нәтижесінде, кәсіп орнының кам ідағы бірде-бір сайлаушы үйірмеге шаспай, не болмаса қамтылмай қал- емес.

ірақ. бұл сайлау науқанының тек бас сы ғана. Партия ұйымдары сайлау- ар алдындағы ең негізгі міндеттің орындалмағандығын естен шығармау і керек. Турасын айту керек, бізде ір партия ұйымдарының басшылары сыяқты тарихи маңызы бар мәселе- е жеткілікті көңіл бөлмей келеді. , өткен сайлаулардағы бүкілхалық- игілікті бастаманың тәжрибесін жұрт лыққа шын мәніндегі большевиктік арқылы жеткізген жоқ.

аяндамашы бұдан әрі, бірсыпыра сай- учаскелері орталықтарының әлі күн- дейін жөнделмегенін, дауыс беру бөл- рін жасайтын заттардың дайындал- андығын, тіпті кейбір сайлау учас- рінде сайлау урнасының жоқ екендігі ал, үгіт пункттерінің барлық жерде ен ұйымдастырылмағандығын айтты. ымен қатар, депутаттыққа кандидат ұсыну маусымына санаулы ғана күн қалғанын, бұл жөнінде партия ұйым- ы алдына ең негізгі, аса жауапты іеттер тұрғандығын атап көрсетті.

Баяндама бойынша 18 адам жарыс се шығып сөйледі.

Қалалық партия активінің жыйылы- ида ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы үлгілі әзірлену жөнінде тиісті қаулы ылданды.

нералитеттің басқа өкілдері де бар. Нюрнбергтің көшелерінен Гиммлер бастаған штурмовиктер мен сақшыларға ілесе. генералдар бастаған рейхсвер солдаттары да өтіп жатыр. Экранда толып жатқан Трибуналға фильмнің гитлершіл кинооператорлар түсірген ресми кинохроника негізінде жасалған документ екенін тағы да ескертеді. Киносуреттің ақырғы бөлімінде 1939—1944 жылдардағы шапқыншы- ... тек—тікелей жазалау.

Фильм көрсетіліп болды. Англияның айыптаушы өкілі бұл көрсетілген фильмі іске тіркеуді өтінді.

## 11 декабрьдегі кешкі мәжліс

НЮРНБЕРГ, 11 декабрь. (ТАСС). Кешкі мәжлісте документтік киносуреттер көрсетілгеннен кейін, Американың айыптаушы өкілі Стори сөз сөйледі. Ол бұл аптаның қалған күндері ішінде айыптаушы өкілдер Трибуналға айыпкерлердің адамгершілекке және соғыс жүргізу заңдарына қарсы істеген қылмыстарына жататын документтік айғақтарды жариялайтынын білдірді.

Мұнан кейін, Американың айыптаушы өкілі Доддқа сөз берілді. Ол гитлершілдердің шет ел жұмысшыларын құлдыққа түсіруді көздеген қылмыстық істерін баяндады. Бұған байланысты айыптаушы гитлершілдердің еврейлерге және құлдар ретінде Германияға айдап апарылған шет ел жұмысшыларына айуандық істеуі туралы мәселеге де тоқтады.

Бұл айғақтарды дәлелдеу үшін айыптаушылар фотография суреттерін де келтіретінін айтып, айыптаушы Гитлершілдердің шет ел жұмысшыларын жаппай айдап әкетіп, құлдыққа салғанын көрсетті. Гитлершілдер соғыс жүргізу заңдарына және халықаралық правоға карамастан, соғыс тұтқындарын да құлдар ретінде пайдаланды, оларда көп уақытта өздерінің елдеріне қарсы жұмыс істеттірді. Империялық кабинет, гитлершілдер партиясының басшылық корпусы, СС, СА, СД, жоғарғы командованиенің штабы, гестапо және басқа ұйымдар осындай қылмыстар істеді.

Айыптаушы айыпкерлердің бұл қылмыстары үшін нақты жауаптылығын көрсетті. Жұмысшы күшін жыйнайтын өкіл болған Заукель шет ел жұмысшыларын күшпен жыйнап, құлдыққа салғаны үшін жауапты; қару-жарақ министрі және Тодт ұйымының басшысы болған Шпеер шет ел жұмысшылары жөнінде күш қолданғаны және айуандық істегені, мұның нәтижесінде олардың көп уақытта қырғынға ұшырағаны үшін жауапты; Геринг, төрт жылдық жоспарды жүзеге асыратын бас өкіл ретінде осы айтылған шараларды қолдағаны үшін жауапты; Розенберг басып алынған шығыс облыстарының министрі ретінде, Франк Польшаның губернаторы ретінде, Зейсе-Инкварт Голландиядағы наместник, Кейтель Германияның қарулы күштерінің жоғарғы командованиесі штабының бастығы ретінде осы айтылған шараларды қолданғаны үшін жауапты. Шет ел жұмысшыларына айуандық істеу, оларды құлдыққа салу, герман халқын «мырзалар нәсілі» деп жариялаған гитлершіл басшылардың теориялық және саяси көзқарастарының бәріне толық үйлесіп отырған. Бұл көзқарастар гитлершіл басшылардың сөздерінде және документтерінде айтылған.

1939 жылғы 23 майда Гитлердің жаңа империялық кеңсесінде мәслихат өткізілді. Мұнда Гитлер, Геринг, Редер, Браухич, Кейтель және басқалары болды. Бұл мәслихатта Гитлер былай деді: «Егер тағдыр бізді Батыспен жанжалға килiктірсе, ол уақытта шығыстың кең жерін басып алу біздің артықшылығымыз болуға тиіс. Ол уақытта біз бұл аудандардың мол байлықтарына сене аламыз. Германиядан басқа аудандардың халқын біз жұмысшы күші ретінде пайдалана аламыз».

1942 жылғы 24 әпрелде айыпкер Заукель Розенбергке былай деп жазды: «Орасан көп жаңа жұмысшылар күшін пайдаланғанда біз Адольф Гитлердің басшылығымен қарулы күштеріміз жаулап алған мол байлық қорларын хажетімізге асыруды көздейміз. Бұл қорлар қарулы күштеріміз үшін, сол сыяқты. Германияны жабдықтау үшін пайдаланылуға тиіс. Шикі заттарды, сол сыяқты, жаулап алынған жерлердің жұмысшы күшін Германияға және оның одақтастарына қолайлы түрде толық және тыңғылықты пайдалануымыз керек».

Герман нәсілінің үстемдік жүргізу «теориясы» гитлершілдер жүргізген саясаттың негізі болды. Украинаның рейхскомиссары деп аталған Кох 1943 жылғы 5 мартта Киевтегі сөзінде былай деді: «Біз мырзалар нәсілінен біз, сондықтан, біз мемлекетті басқаруымыз керек. Мен мұнда келгенде Фюрерге көмектесу үшін келдім. Халық үсті-үстіне жұмыс істей беруі керек. Бұл адамдардың кейбіреулері жүдеп-жадайды, өйткені, халыққа жеткілікті тамақ берілмейді. Халық жеткілікті тамақ талап ете алмайды. Біз мұнда келгенде сыйлы тамақ үлестіру үшін келген жоқпыз. Біз жеңісімізге негіз жасау үшін келдік. Біз мырзалар нәсілінен біз, сондықтан, ең төмен герман жұмысшысы нәсілі және идеологиясы жағынан жергілікті халықтан мың есе күшті екенін естен шығармауымыз керек».

1943 жылғы 4 октябрьде гестапоның басшысы СС рейхслейтері Гиммлер Познанияда СС генералдарының мәслихатында сөйлеген сөзінде былай деді: «Орыстардың немесе чехтардың қандай күйге ұшырайтындығында менің ешбір ісім жоқ. Бұл ұлттар өздерінің нәсілдік-таза қорларынан не бере алатын болса, біз соның бәрін аламыз, тіпті балаларын да алып кетеміз. Бұл ұлттар жақсы өмір сүре ала ма, немесе аштан қырылатын бола ма. біз бұған тек өзіміздің мәдениетіміздің мүддесі үшін оларды құлдар ретінде пайдалану жағынан көңіл бөлеміз. Бірақ, басқа ешбір жағынан олардың бізге хажеті жоқ. Танкке қарсы орлар қазып жатқанда 10.000 орыс әйелі аштықтан ісінсе, мен оған тек бір ғана тұрғыдан: Германия үшін бұл орлардың қазылып болуы жағынан ғана көңіл бөлемін».

Мұнан кейін. айыптаушы 1944 жылғы 12 июльде жазылған, Розенберг мақұлдаған мүлде құпия меморандумды оқыды. Бұл меморандумда орталық армиялық топ басып алған жерлердегі жастарды айдап әкету туралы айтылған: «Орталық армиялық топ 10 жастан 14 жасқа дейінгі 40—50 мың жеткіншектерді империя жеріне жөнелтпек. Жастар бюросы бұл жөнінде Тодт ұйымымен сөйлесе бастады. Бюро бұл адамдарды үшінші рет машықтағаннан кейін, маман жұмысшылар ретінде пайдаланбақ. Оларды Тодт ұйымы оқытады. Мұның үшін ол ұйымның тиісті техникалық құралдары бар. Германия мекемелері мұны өте-мөте қатты талап етіп отыр. өйткені, оларда шекірттер жеткіліксіз. Бұл шара жаудың соғыс күшінің артуына жол бермеуді көздеумен бірге, жаудың келешектегі адам күшін азайтуды да көздейді. Бұл идеяны тек рейхфюрер ғана емес, Фюрердің өзі де қолдайды».

Гитлершілдер басып алынған елдерден жұмысшы күшін айдап әкете берді, мұның үшін әйелдерін ерлерінен, балаларын ата-аналарынан айырды. Бұларды айдап әкету. Германияда оларға жұмыс істету жағдайы өте ауыр болғандықтан, пәлене жүз мың адам қырылды. Франк, Польшаның генерал-губернаторы ретінде, пәлене жүз мың поляктарды Германияның құлдығына айдады.

1940 жылғы 10 майда Франк өзінің күнделік дәптеріне былай деп жазған: «Генерал-губернатор Польшаның жұмысшы күшін еріксіз жыйнап әкету ісімен шұғылданады. Германияда жұмыс істеу үшін өздерінің еркімен жеткілікті жұмысшы жіберуге мүмкіншілік болмағандықтан. жұмысшылар еріксіз айдалады. жұмыстарын басқаратын өкілі Заукельдің архивтерінен табылған көп документтерді дәлелге келтіріп, айыптаушы гитлершілдердің сан миллион орыстарды, украиндарды, поляктарды, французтарды, бельгиялықтарды, голландиялықтарды және басқаларын немістердің құлдығына жауыздықпен айдап әкетіп отырғанын дәлелдеді. Бұл жөнінде гитлершілдер қандай шарадан болса да тартынбаған. «Жұмысшы күшін жыйнау» адамдарды аң есебінде аулауға айналған.

Жаулап алынған аудандардың халқы мұндай жұмысшы күшін «жыйнауға» күшті қарсылық көрсеткен. Гитлершіл басқыншылар жұмысшы күшін еріксіз соғыс жолдарымен жыйнамақ болған. Экономикалық-жоспарлау бюросының арнаулы мәжлісінде Заукель «жыйнаушылардың» қарулы шабуылдарға кездесуі жиіленгенін айтқан. Немістердің Варшавадағы жұмысшы жыйнау бюросының бастығы талтүсте өзінің конторында оққа ұшқан. Заукель жұмысшы «жыйнау» үшін қосымша полиция күштері берілуін талап еткен, айыпкер Розенбергтің көмектесуін өтінген.

1942 жылғы 3 октябрьдегі арнаулы хатында айыпкер Заукель басып алынған аудандардан Германияға күшпен жұмысшы жөнелтуге батыл шаралар қолдануды Розенбергтен талап еткен. «Фюрер, —деп жазған Заукель,— қарулануының жаңа және өте шұғыл жоспарын жасады. Бұл жоспар тағы да екі миллион шет ел жұмысшыларын жыйнауды керек қылады. Фюрер маған жаңа праволар берді. Германияның соғыс өнеркәсібіне Германияның өзінен, сол сыяқты, протекторattan, Польша губернаторлығынан және басқа жаулап алынған жерлерден қалай да жұмысшы жетістіру үшін менің өзім хажет тапқан шаралардың бәрін қолдануды тапсырды. Қосымша жұмысшы күшінің көпшілігі жақын арада жаулап алынған шығыстағы жерлерден, әсресе, Украинаның империялық комиссариатынан алынуы керек. Сондықтан, Украинаның империялық комиссариаты 1942 жылғы 31 декабрьге дейін 225 мың жұмысшы, оның үстіне, 1943 жылғы 1 майға дейін 225 мың жұмысшы жетістіріп беруі керек».

Заукель, жұмысшы табу үшін ең қатал шаралардың қандайынан болса да тартынбауға бұйырған. Мұнан біраз уақыттан кейін Заукель басып алынған аудандарға өзінің арнаулы өкілі Пюкертті жұмсаған, оған күн сайын 5000 құл жіберіп тұруды міндет еткен. Заукель немістерге тән айуандықпен Розенбергтен (1943 жылғы 17 марттағы хатында) күн сайын Германияға: Белоруссиядан 500 адам, Орталық экономикалық инспекциядан» 500 адам, Украинадан 3000

«Жұмысшы жыйнау науқаны, — дейді айыптаушы,—ойдағыдай өткізілген». Заукель ол кездегі қару-жарақ министрі Шпеерге өзінің оған 1943 жылғы октябрьге дейін бір миллион жұмысшы бере алатынын, оның үстіне ауыл шаруашылығы үшін 700 мың жұмысшы жіберуге уәде беретінін білдірген. Гитлершілдер еті шіміріқпестен, бұл жұмысшыларды қандай жолдармен жыйнағанын сипаттаған. Заукельдің архивінен табылған меморандумда: «Соғыс тұтқындары аштықтан шыбындай қырылғаннан кейін, Германияның жұмысшы күшіндегі олқылықтың орнын толтыру үшін біз басып алынған шығыстағы жерлерден миллиондап жұмысшы жыйнаудың қызығына батып отырмыз» делінген. Гитлершілдер қолданған әдіс («документте») құл саудасы заманының ең қара түнек дәуірлерінің бірінен басталған болса керек. Гитлершілдер адамдарды, денсаулығына немесе жасына қарамастан, аңша аулаған».

Басып алынған жерлердің халқы фашистердің адам «жыйнауына» күшті қарсылық көрсеткен, партизандар күресін кең өрістеткен. 1942 жылғы 21 декабрьде Розенберг Заукельге жазған хатында былай деген: «Мен алған баяндамаға қарағанда, басып алынған шығыс аудандарында партизан отрядтарының көбеюіне біздің жұмысшы жыйнау немесе жұмысшыларды күшпен әкету жөнінде қолданған әдісіміз себеп болып отыр. Мұндай тағдырға ұшырайтын адамдар онан қашып, орманға кетуді немесе партизан отрядтарына қосылуды артық көреді».

Жауапты редактордың орынбасары
Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.


**«ОКТЯБРЬ» кино-театрында**

Бүгін және күн сайын

**«217-АДАМ»**

деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6-8-10 басталады. Касса күндізгі сағат 3тен ашық.

* * *

**«УДАРНИК» кино-театрында**

Бүгін және күн сайын

**«ЖЕҢІЛМЕГЕНДЕР»**

Ойын кешкі сағат 6—8—10да басталады. Касса күндізгі сағат 3тен бастап ашық.

* * *

Облыстық сауда бөлімінің шаруашылық есептегі № 6 дүкеніне күзетшілер, үй сыпырушылар, атшылар керек.

Жұмысқа кірушілер киім-кешекпен қамтамасыз етіледі.

Адрес: Қолхоз базары, № 6 дүкен.

ДИРЕКЦИЯ.



Редакцияның адресі: ҚССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 88-үй. Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. УШ 02442.